

Жаңалықтар дайджесі

2023.27.03-02.04



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі

Дереккөз: <https://inbusiness.kz/ru/news/vystuplenie-tokaeva-na-pervoj-sessii-parlamenta-pryamaya-translyaciya>



Клара Сейдахметова

Талдаушы

“Біз Парламенттің алдағы жұмысындағы басты экономикалық міндеттерді атап көрсетуді жөн көрдік. Оларды Парламенттің өткен отырысында Президент атап өткен болатын.

- Шағын және орта бизнеске қолдау көрсетуге арналған шаралар кешені
- Ашық салық жүйесі – КТС және ҚТС мөлшерлемелерін саралау
- Ойластырылған және теңдестірілген бюджеттік саясат – борышты, Ұлттық қордан түсетін трансферттерді өтеуге кететін шығындарды азайту
- Туризм саласын дамыту – секторға инвестиция жұмсау

Искерлік белсенділікті ынталандыру

- Геологиялық барлауға және пайдалы қазбалар кенішін игеруге жұмсалатын инвестицияны арттыру
- Экономиканы әртараптандыру
- Газдың сараланған тарифтері
- Ішкі нарыққа бағдарланған өңдеуші өнеркәсіпті дамыту – тауарлармен өзін-өзі қамтамасыз ету

Елдің өндірістік әлеуетін барынша пайдалану

- Ұлттық инфрақұрылымдық жоспар
- Электр энергиясы нарығын дамыту
- Тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру
- Ауылды жерлерді дамыту – 143 млрд теңгеге 1500 астам жобалар
- Биліктің өкілдік тармағын цифрландыру

Инфрақұрылымдарды дамыту

- Ауыл және су шаруашылықтарын дамыту
- Ауылдықтарға 2.5% пайызбен 5-7 жылға микрокредиттер беру
- Жабдықтар мен ауылшартехникаларын сатып алу үшін субсидияларға қолжетімділік – 1 трлн теңге бөлінген

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету


- Медицина инфрақұрылымын жақсарту – ауылдарда 600 нысан салу жоспарлануда
- Педагогтарды дайындау және іріктеу
- Спорт индустриясын дамыту – мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту

Адами капиталдың сапасын арттыру

ОПЕК+ елдері мұнай өндіруді қысқартуды жоспарлауда

Дереккөз: <https://kapital.kz/economic/113885/ob-yem-roznichnoy-torgovli-za-dva-mesyatsa-dostig-2-2-trln-tenge.html>

Мұнай өндіруді жоспарлы қысқарту көлемін елдер бойынша бөліп қарау (тәулігіне мың баррель)



Дереккөз: opec.org



Айжан Алибекова

Талдаушы

“АҚШ тарапынан көрсетілген қысымға қарамастан, ОПЕК+ мүшелері 2023 жылдың мамырынан бастап, мұнай өндіруді тәулігіне 1.66 млн баррельге қысқарту (әлемдік сұраныстың шамамен 2%) туралы шешім қабылдады.

ОПЕК+ 23 мүшесінің 9-ының мұндай шешімі «2023 жылы энергия ресурстарына сұраныс әлсіз ғана өседі» деген болжамға байланысты бағалардың төмендеп кету тәуекеліне қатысты алдын ала жасаған ескерту әдісі. Қытай тарапынан жиналып қалған сұраныс шикізат нарығына әсер етеді деген болжам өзін ақтамады.


Өндіруді қысқарту туралы хабарлама мұнай нарығы билігін уақытша сатушылар жағына шығарды және ол мұнай бағасына қолдау көрсетуде.

Негізінен күтпеген жаңалық болған соң, бұл шешім нарыққа шындап әсер етті. Мұнайдың эталонды бағалары тез арада 5%-ға өсіп кетті. Шын мәнінде олар 2022 жылғы желтоқсандағы және 2023 жылдың наурызының ортасындағы, яғни АҚШ пен Еуропадағы банктік минидарысқа дейінгі деңгейіне оралды.

Егер оның бұдан әрі нарық жағдаятына тигізетін әсерін талдайтын болсақ, бұл қысқарту әдеттегідей өндіруге берілетін елдік квоталардың қысқартылуы есебінен жүргізіледі. Бұған дейін ОПЕК+ мүшелері оларды орындамай келген. Сондықтан мұнай өндіру айтарлықтай қысқармайтын секілді. Бұл мұнай бағасын бір баррелі үшін 80 доллардан астам деңгейде қалдыру мақсатында ауысша жасалған басқыншылық әрекет дерсің.

Түптеп келгенде бұл шешім мұнай нарығындағы сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңсіздікті уақытша жояды, сондай-ақ бағаларға және мұнай өндірушілердің түсіміне қолдау көрсетеді. Егер ғаламдық экономикалық рецессияның болу қаупін ескерсек, орташа мерзімді келешекте шикізаттық нарықтардың құрылымдарына тигізетін әсер біздің пікірімізше шашыраңқы болмақ. Сонымен қатар бұл әрекет, яғни ұсынысты жасанды қысқартудың артында инфляциялық тәуекел де бар: жоғары мұнай бағасы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің түпкілікті бағасына қысымды күшейтеді. Сәйкесінше бұл монетарлық шарттарды одан әрі қатаңдатуға итермелейді. Пайыздық мөлшерлемелерді жоғары деңгейде сақтау әлемдік экономикаға белгілі бір дәрежеде қатер төндіреді және мұнайға деген жиынтық сұраныстың қосымша қысқартуына себеп болуы мүмкін.”

2023.31.03 қарасты қаржы секторының жай-күйі



Сунгат Рысбек

Талдаушы

“ **Орталық банктер** мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, банктерге әлі де көмек көрсетуде. Яғни оларға қысқа мерзімді қарыздар береді немесе облигацияларын нарықтан төмен мөлшерлеменен сатып алады. Швейцария Үкіметі UBS-ге 118 млрд доллар мөлшерінде көмек көрсету жоспарын бекітті. Бұл банкке Credit Suisse-ті сатып алуға мүмкіндік береді. Бұл ретте орталық банктердің теңгерімінің айтарлықтай өскені байқалады. Айталық, мысалы, 24 наурызға қарай ЕОБ теңгерімі 3 млрд еуродан 7.8 млрд еуроға өсті. Бұл ретте ақша базасы 46.6 млрдқа өсіп, 5.8 млрд еуроны құрады. Банктерге қомақты түрде ақшалай қолдау көрсету орталық банктердің инфляцияны төмендету бойынша қазіргі саясатына қайшы келеді.

АҚШ-тың шағын және орташа банктерінен депозиттер ірі банктерге ағылуда. ФРЖ дректеріне сүйенсек, 15 наурызда аяқталған апта ішінде шағын және орташа банктер 120 млрд долларды құрайтын депозиттерінен айырылды. Ал ірі банктерге келіп түскен депозиттер көлемі 67 млрд долларды құрады. Жиынтығында, АҚШ-тың банк жүйесінен таза жылыстаған қаражат 98 млрд доллар болды. Институционалдық сенімнің төмендегенін ескерер болсақ, ірі банктерді таңдамаған клиенттер қаражаттарын ақшы нарығының қорларына салған. Инвестициялық компаниялар институтының деректері бойынша SVB күйрегеннен кейін бір апта ішінде ақша нарығының қорларына келіп түскен қаражат 121 млрд долларды құрады. Бұл 2020 жылдың басынан бергі ең үлкен түсім болды. Ал кейін, 22 наурызда аяқталған апта ішінде тағы 117 млрд доллар келіп түсті.


Үкіметтің мәлідемесінен кейін салымшылардың қорқынышы күшейе түсті. Егер үрейдің алдында АҚШ Үкіметі барлық депозиттерді қорғайтындығын жарияласа, таяуда АҚШ Қаржы министрі Джанет Йеллен **америкалықтардың банктік депозиттерін жалпыға бірдей сақтандыру мәселесі қарастырылымайтынын мәлімдеді.**

АҚШ-тың депозиттерді сақтандыру қорының шығындары да пессимистік көңіл-күйді күшейте түсті. Ол таяуда банктік дағдарыс кезінде 23 млрд долларды құрады. Бұл ретте FDIC келтірілген залалдың орнын толтыру үшін банктердің қорға төлейтін жарналарының мөлшерін арттырмақ ниетте. Мақсат – салымдарды сақтандыру қорына 128 млрд доллар мөлшерінде қолдау көрсету. Бұл шара ірі банктердің рөлін күшейте түседі. Олар біріншіден, басқа банктер үшін зардап шегуге мәжбүр болады, екіншіден, олар проблемалық банктерге консультациялық көмек көрсетеді әрі бір мезгілде жүйеге деген сенімді нығайту шараларына және проблемалық кредиторларға қолдау көрсетуге қатысады.”

Қазақстан ЕЭО елдерімен сауда жүргізуде тауарларға ілеспе жүкқұжатты міндетті түрде рәсімдеуді енгізеді

Дереккөз: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-vnedryaet-obyazatelnoe-oformlenie-snt-torgovle-494511/

ҚР ЕЭО елдерімен тауар айналымы, млн доллар



Дереккөз: ҚРҰБ



Абылай Асылхан

Талдаушы

“ 2023 жылдың 1 сәуірінен бастап, Қазақстан көлеңкелі айналымды қысқарту және салықтар бойынша шығындарды жою мақсатында ЕЭО елдерімен өзара саудада тауарларға ілеспе жүкқұжатты (ТІЖ) міндетті рәсімдеуді енгізеді. Бұған дейін ТІЖ 2020 жылдың желтоқсан айынан бері сынамалы режимде ерікті түрде қолданылып келген болатын.


Атап өту керек, ТІЖ-ді шекарадан өткенше (ЭЦҚ арқылы) электронды түрде рәсімдеу көзделген. Бұл құжаттарды жасанды тұлғаларға, жалған алушыларға, банкротқа ұшырағандарға, таратылған тұлғаларға және т.б. рәсімдеуге жол бермейді. Осылайша жүзеге асырылып жатқан жүйе тауарлардың шекарадан өтуін бақылау үдерісін автоматтандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар 2023 жылдың 1 сәуірінен бастап, тауарларды Қазақстанның ішкі нарығында жүзеге асыру барысында ТІЖ-ді тауарлардың тек 4 санаты бойынша рәсімдеу керек. Олар: био отын, алкоголь өнімдері, мұнай өнімдері, сондай-ақ бақылануға жататын тауарлар (тоңазытқыштар, мұздатқыштар және кір жуғыш машиналар).

Еске саламыз, 2022 жылы Қазақстанның барлық тауар айналымының 21%-ы ЕЭО елдеріне тиесілі болды. Бұл ретте ЕЭО елдерімен болған тауар айналымының 87%-ы – Ресеймен жасалған сауда. 2022 жылдың наурыз-желтоқсаны аралығында Қазақстанның Ресейден жеткізетін импорты 4.7%-ға төмендеді. ”

Қазақстандықтар тұрғын үй сатып алу үшін банктерден қанша ақша қарыз алды

Дереккөз: <https://informburo.kz/novosti/kazakhstan-ozidaet-otkrytiya-kitaya-i-irana-dlya-eksporta-psenicy>

Ипотекалық кредиттің орташа сомасы мен жылжымайтын мүлік бағасының серпіні



Гульназ Алдибекова

Талдаушы

“ 2023 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша Қазақстанның ипотекалық портфелінің көлемі 4.9 трлн теңгені құрады. Бұл жыл басындағы көрсеткіштен 1.6%-ға артық.


2023 жылдың ақпанында оған дейінгі аймен салыстырғанда ипотекалық кредиттер 7.7%-ға (96.5 млрд теңге) көп берілді. Бұл ретте кредиттердің басым бөлігін Астана (27 млрд теңге) мен Алматы (26 млрд теңге) тұрғындары алған. Ақпанның қорытындысы бойынша Жетісу (448 млн теңге), Солтүстік Қазақстан (941 млн теңге), Түркістан (468 млн теңге) және И Ұлытау (120 млн теңге) облыстарында ипотекалық кредиттер өте аз берілді.

Ипоткалық кредит беру көлемінің өсуі жылжымайтын мүлік бағасының қымбаттауына байланысты болса керек. Өйткені соңғы бірнеше айда жылжымайтын мүлік нарығында белсенділіктің төмендей бастағаны байқалуда. «7-20-25» бағдарламасының ұзартылуы және жаңа жеңілдікпен несие беру бағдарламаларының енгізілуі ипотекалық кредиттер көлемінің өсу қарқынын үдете түседі деп күтілуде.”

Қазақстанда газ, бензин және дизель отынының жаңа бағалары. Бұйрық жобасы пайда болды

Дереккөз: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/novyye-tsenyi-gaz-benzin-diztoplivo-kazahstane-poyavilsya-495377/

ЖЖМ бағаларының өзгеруі, теңге



Абылай Асылхан

Талдаушы

“Жанар-жағар май (ЖЖМ) бағасын көтеру туралы шешім, біздің пікірімізше мәжбүрлі шара. Соңғы 5 жылда елімізде бензин өндірісі 70%-ға, ал дизель отыны 33%-ға арттырылғаны белгілі. Бірақ соған қарамастан, отандық нарық ЖЖМ жетіспей қалу қаупін сезінуде. Бұл жерде негізгі фактор – Қазақстанда ЖЖМ бағасының төмендігі. Бұл әкімшілік шектеулердің салдары. Мысалы, Ресейде дизель 45%-ға, Қырғызстанда 64%-ға, Өзбекстанда 2 есеге қымбат. Нәтижесінде ЖЖМ-ге қатысты реттелетін баға асимметрияның, яғни үйлесімсіздіктің туындауына себеп болады. Ал ол өз кезегінде отандық ЖЖМ-ның шетелге шығарылуына жол ашады және өндірушілердің түсім ақшасына шектеу қойып, саланың дамуына кедергі келтіреді.

Қазір Қазақстанда ЖЖМ-ның бөлшек саудалық бағасына шектеу қойылған: АИ бензиннің 1 литрі – 80-89 теңге, Қостанай облысы мен СҚО-да АИ-92 және АИ-93 маркалы бензиннің 1 литрі – 187 теңге. Басқа облыстарда бензиннің 1 литрі – 182 теңге.

Дизель отыны ҚР азаматтары үшін 230-260 теңге болса, бейрезиденттіктер үшін 450 теңге.

Енді ЖЖМ бағасы қымбаттаған соң, жағдай былай болады:

- АИ-80 маркалы бензиннің бір литрі – 89 теңге;
- бензин марки АИ-92 және АИ-93 маркалы бензиннің литрі – 205 теңге;
- дизель отынының (жазғы, маусымаралық) литрі – 450 теңге;
- Қазақстанда берілген жүргізуші куәлігін көрсеткен жағдайда тәулігіне – 100 литрге дейін; Жүргізуші куәлігін және жүк, арнаулы, мамандандырылған автомобильдер мен автобустарға қатысты Қазақстанда берілген, көлік құралын тіркеу туралы куәлік бойынша тәулігіне 300 литрге дейін – бір литр үшін 295 теңге.

Жалпы ЖЖМ бағасының қымбаттауы (бензин 11%-ға, дизель отыны 20%-ға) ел ішінде өндірілген және шетелден импортталған тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бағасына инфляциялық әсер береді. Инфляцияның өсу салмағы түптеп келгенде сатып алушыларға түсіп, олардың сатып алу қабілетін нашарлатады.

Басқа жағынан алып қарағанда ЖЖМ өндірушілердің түсім ақшасына ұзақ уақыт бойы шектеу қою, олардың инвестициялық тартымдылығын төмендетеді. Осылайша өндірістің келешегіне және ішкі нарықты қамтамасыз етуіне кедергі келтіреді. Бұл үйлесімсіздікті қазір жоймаса, кейін елде ЖЖМ тапшылығы пайда болған кезде жағдай тіпті қиындап кетуі мүмкін. Мысалы, 2022 жылы қанттың аздап тапшылығы бағаны өсіріп жіберді. Сәйкесінше оған деген сұраныс елді дүрліктіріп жіберді. Ал ЖЖМ экономика құрылымында және ішкі тұтынуға өте маңызды рөл атқарады. Сондықтан бағаны бұдан әрі ұстап тұру экономикалық тұрғыда да, әлеуметтік тұрғыда да ұтымсыз. Өйткені ол тек бетбұрысты кезеңді тек кейінге қалдыра түседі және оның салдары барған сайын қиындай түседі.

Әрине, ЖЖМ бағасының өсуі жалпы инфляция мен іскерлік белсенділік бойынша болжамдардың алғышарттарын өзгертуге себеп болады. Бұл мәселе қоғам мен бизнес өкілдерінің ең осал жері екенін ескере отырып, оған деген тәсілді түбегейлі қайта қарау керек. Онда нарықтық баға белгіленімі үдерісіне араласып, дезинфляциялық нәтижеге қол жеткізу тәжірибесі бар. Оның жағымсыз нәтижелерінің бірі – пайда болатын «жасырын инфляция» мен белгілі бір сәйкессіздіктердің жиналуы.”



Авторлар: Айжан Алибекова, Абылай Асылхан, Гильназ Алдибекова, Клара Сейдахметова, Сұңғат Рысбек

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz